

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«МОНТЕССОРИЯ»
балалар интеллектуалды және
шығармашылық дамыту орталығы»



Товарищество с ограниченной ответственностью
«МОНТЕССОРИЯ»
центр интеллектуального и творческого
развития детей»

070018, Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы,
Әуезов даңғылы, 10. Тел: +7-771-051-55-15
e-mail: montessoriya@gmail.com, www.montessoriya.kz

070018, Республика Казахстан, город Усть-Каменогорск,
проспект Ауэзова, 10. Тел: +7-771-051-55-15
e-mail: montessoriya@gmail.com, www.montessoriya.kz

УТВЕРЖДАЮ:

Директор ТОО « Центр интеллектуального и
творческого развития детей «МОНТЕССОРИЯ»
Мухаметкалиева Ж.З.



Балаларды интеллектуалды және шығармашылық даму «Монтессория» орталығы
Ұйымдастырылған сурет салу оқу қызметінің перспективалық жоспары

(ортаңғы топ)

<i>Өтпелі тақырып</i>	<i>Апталық тақырып</i>	<i>Ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері</i>	<i>Сағат саны</i>
Балабақша	Менің балабақшам	Түрлі бағытта түзу сызықтарды олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету, балабақша ауласындағы жолдың суретін салу. Қылқаламмен сурет салу дағдысын қалыптастыру. Көз мөлшерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	Қош келдің, Алтын күз!	Күз туралы білімдерін кеңейту. Ағаштардың дайын суретінің үстінен және жерге түскен сары жапырақтарды орналастыру. (дәстүрден тыс сурет салу әдісі) Гуашьты қолдану біліктіліктерін қалыптастыру. Танымдық қабілеттерін дамыту. Күзгі табиғаттағы әсемдікті көруге тәрбиелеу.	1
	Менің сүйікті ойыншықтарым	Дөңгелек пішінмен түзу сызықтардың көмегімен сүйікті ойыншығының суретін салуға болатынын көрсету. Берілген сұлбадағы суретті үзік сызықтарды біріктіру арқылы сылдырмақ суретін салуды үйрету. Байқағыштықтарын дамыту. Мейірімділікке, қамқор болуға тәрбиелеу.	1
	Менің достарым	Дөңгелек пішінді затты ажырата білу дағдысын қалыптастыру, доптың суретін салып, қарындашпен бояуға үйрету. Шығармашылық қиялдарын дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	1

Менің отбасым	Менің отбасым. Ата-аналар еңбегі	Поролон губка батырмасымен бірнеше тік сызықтарды түзу сызықпен қиылыстыру арқылы дуалдың суретін салуды үйрету. Дәстүрден тыс сурет салу. Сурет салуда қол қимылдарын дамыту. Эмоцияларын білдіру арқылы мейірімділікке тәрбиелеу.	1
	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Қарапайым өрнек құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Губка батырмасымен, мақта таяқшасымен сурет салуға үйрету. Ой-өрістерін дамыту. Үйде, көшеде абай болуға тәрбиелеу.	1
	Жомарт күз	Көкөністер туралы білімдерін кеңейту. Қоянға сәбіздің суретін салып беріп, қылқаламмен тегіс бояуға үйрету. Гуашьты қолдану біліктілігін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	Менің көшем	Көшедегі қауіпсіздік туралы айта отырып, дайын бағдаршам суретін түрлі түсті қарындашпен бояуды үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қауіпсіздік сақтауға тәрбиелеу.	1
Дені саулық жаны сау	Өзім туралы	Дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды жетілдіру, күннің суретін салып, түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп, оны қылқаламмен оны бояумен бояуға үйрету. Балалардың ой-өрісін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	Дұрыс тамақтану	Стақандағы шырынды түрлі түсті бояумен бояу. Гуашь бояуымен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Қиялдарын дамыту. Дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу.	1
	Өзіңе және өзгелерге көмектес.	Белгілі бір тұтынатын бұйымға (сүлгі) қылқаламмен басып жағу тәсілімен түзу сызықтарды салып әшекейлеу. Бояу түстерін таңдау біліктерін дамыту. Тазалыққа тәрбиелеу.	1

	Біз күштіміз, ептіміз	Чемпион туралы, кубок туралы түсінік қалыптастыру. Қылқаламмен кубокты бояуға үйрету. Балалардың дүниетанымын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
Менің Қазақстаным	Тарихқа саяхат ҚР Тұңғыш Президенті	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер туындыларымен таныстыру. Жазықтықта ою элементтерін орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Дайын сандықтың силуэтіне ою элементін дұрыс орналыстырып, түрлі түсті қарындашпен бояуға үйрету. Көз мөлшерін дамыту. Сәндік-қолданбалы өнеріне сүйіспеншілік тәрбиелеу.	1
	Тәуелсіз Қазақстан. ҚР мемлекеттік рәміздері	Бас орамалды әшекейлеуде техникалық дағдылар мен біліктіліктерін игерту. Толқынды және түзу сызықтарды қылқаламмен салуды жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту. Әдемілікті көруге тәрбиелеу.	1
	Жайнай бер, Қазақстаным!	Дөңгелек пішінді заттың суретін салып үйрету, оны тік және көлденең сызықтармен толықтыру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Өз Отанын сүюге тәрбиелеу.	1
	Жаңа жылдық сыйлықтар	Жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін кеңейту. Жаңа жылдық сыйлықтың суретін бояуды үйрету. Шығармашылықтарын дамыту. Қуаныш сезімін сыйлауға тәрбиелеу.	1
Табиғат әлемі	Қош келдің, Жаңа жыл!	Мерекелік шырша туралы түсінік. Шыршаның дайын суретін түрлі түсті қарындашпен бояуға, оны әртүрлі төртбұрышты, дөңгелек ойыншықтармен безендіруге үйрету. Балалардың ой-өрісін дамыту. Эстетикалық сезім тәрбиелеу.	1

	Жануарлар әлемі Аңдардың қысқы тіршілігі	Ойыншықтың қонжықтың сұлбасын қылқаламмен бояуға үйрету. Жетіспеген бөлшектермен толықтыру (көздері, аузы). Танымдық қабілеттерін дамыту. Өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
	Қыстайтын құстар	Қыстайтын құстар туралы білім беру. Қарындашпен сурет салу дағдыларын жетілдіру, кішкене дөңгелектер – жем салуды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	1
	Ғажайып қыс	Балалардың қысқы ойындары туралы білімдерін кеңейту. Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды қосу арқылы бейнелеп, дайын суретті мақталы таяқшамен бояуға үйрету. Қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Шымыр болуға тәрбиелеу.	1
Бізді қоршаған әлем	Өлі табиғат құбылыстары	Қылқаламмен сурет салуды жетілдіру, өлі табиғат суретін салуды үйрету. Қарапайым сюжеттік композиция құруды және қағаз бетіне бейнелерді дұрыс орналастыруды үйрету. Танымдық қабілеттерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	1
	Көліктер	Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыруды. Салынған көліктердің дайын суретіне оның жетпей тұрған элементтерін салуға үйрету. Дөңгелек салуды жетілдіру. Пішіндерді мақталы таяқшалармен бояуға дағдыландыру. Шығармашылықтарын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	Техника және біз	Тік сызықтарды түзу сызықтармен қиылыстыру арқылы төртбұрыш суретін салу дағдыларын қалыптастыру. Интерактивті тақтаға тұрмыстық электрлі заттардың суретін салуды үйрету. Танымдық қабілеттерін дамыту. Қауіпті жағдайлардан абай болуға тәрбиелеу.	

			1
	Мамандықтың бәрі жақсы	Балалардың мамандық туралы білімін қалыптастыру. Дайын үйді жетіспеген бөлшектермен толықтыру. Қарындашпен сурет салу біліктіліктерін жетілдіру. Үйдің сыртқы пішінін штрихпен безендіруге үйрету. Қиялдарын дамыту. Мамандықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1
Салт-дәстүрлер мен фольклор	Ана – өмірдің нұры	Қазақтың қолөнер туындыларымен, ою элементтерімен таныстыруды жалғастыру. Аналар мерекесіне арнап тұрмыстық затты оюмен әшекейлеп үйрету. Шығармашылықтарын дамыту. Қонақжайлыққа тәрбиелеу.	1
	Ертегілер елінде Театр әлемі	Ертегі кейіпкері Бауырсақтың суретін қылқаламмен салуды, ұсақ суреттермен толықтыруды үйрету. Кейіпкерлердің көңіл-күйлерін бере білуді үйрету. Дөңгелек пішіндерді салу икемін жетілдіру. Қиялдарын дамыту. Қайырымды болуға тәрбиелеу.	1
	Өнер көзі - халықта	Қазақ халықының сәндік қолданбалы өнерімен таныстыруды жалғастыру. Көшіп жүруге ыңғайлы киіз үй туралы түсінік беру. Киіз үйдің дайын пішінін ою элементтерімен безендіруге үйрету. Танымдық қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	Нұр төккен, гүл көктем	Көктемнің суретін салуды, қарапайым сюжеттік композиция құруды үйрету. Қылқаламмен сурет салуды жетілдіру, көктемгі ағаштың суретін салуды үйрету. Бояу түстерін таңдау біліктіліктерін дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілік тәрбиелеу.	1

Біз еңбекқор баламыз	Аялайық гүлдерді	Көктемгі гүлдер туралы білім қалыптастыру. Гүлдердің суретін салуға үйрету. Қылқаламды, гуашь бояуын дұрыс пайдалану дағдыларын, дәстүрден тыс сурет салу техникасын пайдалануды жетілдіру. Қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Туған жердің табиғатын қорғауға тәрбиелеу.	1
	Ғарышқа саяхат	Балаларда ғарыш әлемі туралы білім қалыптастыру. Дайын ғарыш кемесінің суретін қарындашпен тегіс етіп бояуға үйрету. Танымдық қабілеттерін дамыту. Өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
	Ас атасы – нан	Балалардың нан тағамдары туралы білімдерін кеңейту. Қылқаламмен тарелка бетіне дөңгелектерді бірыңғай етіп орналастырып суретін салуды үйрету. Көз мөлшерін дамыту. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу.	1
	Көктемгі ағаштар	Көктемде табиғатта болатын ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту. Көктемгі ағаштың суретін салуды, қарапайым композиция құруды үйрету. Қылқаламмен сурет салуды жетілдіру. Қиялдарын дамыту. Табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.	1
Әрқашан күн сөнбесін	Бір шаңырақ астында	Тақырыпқа сәйкес асфальтқа бормен сурет салуға, композиция құрастыруға үйрету. Балалардың ой-өрісін дамыту. Татулыққа тәрбиелеу.	1
	Бейбітшілік қорғанында!	Төртбұрышты пішіндерді дөңгелек пішіндермен сәйкестендіріп медаль суретін салуды, оны қарындашпен бояуды үйрету. Көз мөлшерін дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	1
		Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктіліктерін бекіту.	

	Жаз да келді көңілді	Күннің, шөптің, гүлдің суретін салуды үйрету. Негізгі түстер мен қосымша түстерді ажыратуды жетілдіру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғаттың әсемдігін көруге тәрбиелеу.	1
	Бақытты балалық шақ	Өз ойынан сурет салуға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Жағымды көңіл-күй тәрбиелеу.	1

**Ұйымдастырылған мүсіндеу оқу қызметінің
перспективалық жоспары
(ортаңғы топ)**

<i>Өтпелі тақырып</i>	<i>Апталық тақырып</i>	<i>Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы мен бағдарламалық мазмұны</i>	<i>Сағат саны</i>
Балабақша	Менің балабақшам Қош келдің, Алтын күз!	Ермексаз және сазбалшықтың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Ермексаз кесегінен бір бөлікті бөліп алуды және алақан арасына салып ширату, созу тәсілдерін үйрету. Ұқсас заттарды табу дағдыларын қалыптастыру, қол кимылдарын дамыту. Қайырымды болуға тәрбиелеу.	0,25

<p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Менің отбасым</p>	<p>Менің отбасым Ата-аналар еңбегі Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік</p>	<p>Дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерімен азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Көз мөлшерін</p>	<p>0,25</p>
<p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Дені саудың жаны сау</p>	<p>Өзім туралы Дұрыс тамақтану</p>	<p>Көкөністер туралы білімдерін кеңейту. Конус пішінді затты мүсіндеуге үйрету. Ойлау қабілетін дамыту. Дұрыс тамақтануға тәрбиелеу.</p>	<p>0,25</p>
<p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Менің Қазақстаным</p>	<p>Тарихқа саяхат ҚР Тұңғыш Президенті Тәуелсіз Қазақстан. ҚР мемлекеттік рәміздері</p>	<p>Алақан арасындағы ермексазды айналмалы, тік қимыл жасау арқылы бәйтеректің мүсінін жасауды үйрету. Мүсіндеу дағдыларын бекіту. Көз мөлшерін дамыту. Елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.</p>	<p>0,25</p>

<p style="text-align: center;">Табиғат әлемі</p>	<p>Қош келдің, Жаңа жыл! Жануарлар әлемі Аңдардың қысқы тіршілігі</p>	<p>Бірнеше бөліктен тұратын заттың мүсінін жасауды үйрету. Дене бөліктерінің қарапайым қатынастарын сақтауды жетілдіру. Қол қимылдарын дамыту. Табиғат әлеміне сүйіспеншілік тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;">0,25</p>
<p style="text-align: center;">Бізді қоршаған әлем</p>	<p>Өлі табиғат құбылыстары Көліктер</p>	<p>Көлік түрлері туралы білімдерін кеңейту. Бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес затты (ұшақ) мүсіндеуге үйрету. Қиялдарын дамыту. Ермексазбен мүсіндеуге қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;">0,25</p>
<p style="text-align: center;">Салт-дәстүрлер мен фольклор</p>	<p>Ана – өмірдің нұры Ертегілер елінде Театр әлемі</p>	<p>Ермексазды алақан арасына салып ширату арқылы жіңішке етіп есуді меңгерту. Танымдық қабілеттерін дамыту. Эстетикалық сезім тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;">0,25</p>
<p style="text-align: center;">Біз еңбекқор баламыз</p>	<p>Аялайық гүлдерді Ғарышқа саяхат</p>	<p>Гүлдер туралы білімдерін кеңейту. Алақан арасына ермексазды салып тік және домалақ етіп есуді, бөліктерді біріктіру арқылы гүлдің мүсінін жасауды үйрету. Шығармашылықтарын дамыту. Әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;">0,25</p>

Әрқашан күн сөнбесін	Бір шаңырақ астында. Бейбітшілік қорғанында!	Ойлау қабілеттерін дамыту. Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту. Ермексазды алақанға салып домалақтау, бөліктерді біріктіру арқылы қанқыздың мүсінін жасауды үйрету. Танымдық қабілетін дамыту. Табиғатағы әсемдікті көруге тәрбиелеу.	0,25
---------------------------------	---	--	-------------